

**AIX CSD**  
**КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**  
**ТУРАЛЫ ШАРТ**

## Осы Кастодиандық қызмет көрсету туралы шарт («Шарт»)

(1) АХҚО-да 180840900020 тіркеу нөмірімен тіркелген, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/19, Астана, Қазақстан Республикасы мекенжайы бойынша орналасқан «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Биржасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» жеке компаниясы (бұдан әрі «**AIX CSD**»)

және

(2) АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының мақсаттары үшін Жеке Клиент ретінде сыныпталатын осы құжатта көрсетілгендей, бірлесіп «**Тараптар**» деп, ал жеке «**Тарап**» деп аталатын осы Шартты сөзсіз қабылдайтын тұлға («**Клиент**») арасында жасалған.

## КІРІСПЕ

Осы Шарт Клиенттердің Бағалы қағаздары мен Ақшалай қаражаттарына қатысты АIX CSD кастодиандық қызметтерін ұсынуды реттейтін ережелер мен шарттарды белгілейді.

AIX CSD кастодиандық қызмет көрсетуге АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетімен берілген (AFSA) коммерциялық лицензияға ие.

Тараптар әрқашан АIX CSD Бизнес-ережелерімен, мезгіл-мезгіл түзетулер енгізілетін АIX CSD процедураларымен және АХҚО-ның кез келген қолданылатын Заңдарымен, соның ішінде АХҚО-ның келісімшарттары туралы Ережемен әрқашан байланысты болып табылады, оларға бағынады және олармен реттеледі.

## 1. ТЕРМИНДЕРДІ ТҮСІНДІРУ

1.1. Осы Шартта пайдаланылатын бас әріппен жазылған терминдер мен тіркестер контексте АIX CSD Бизнес-ережелерінде, АIX CSD процедураларында, АХҚО Заңында (егер қолданылса) өзгеше айқындалмаса, келесі мағынағаларды білдіреді:

**Шот** – бағалы қағаздарды сақтау және Инвестордың Бағалы қағаздарға құқығын растау мақсатында Депозитарийде құрылған АIX CSD номиналды ұстаушысының шоты шеңберінде Клиенттің атына ашылған жеке қосалқы шот;

**Рұқсат етілген өнімдер** – АIX CSD Бизнес-ережелерінде көрсетілген мәнге ие өнімдер;

**АХҚО заңдары** – мерзімді енгізілетін түзетулермен «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы Заңын білдіреді;

**АХҚО Бизнесі жүзеге асыру Ережелері** – 2017 жылғы № 4 АХҚО шеңберінде Бизнесі жүзеге асыру Ережелері ;

**AIX** – Қосымшаның иесі болып табылатын АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасы» жеке компаниясын білдіреді;

**AIX CSD Бизнес-ережелері** – мезгіл-мезгіл өзгеруі және/немесе толықтырылуы мүмкін АIX CSD Бизнес-ережелерін білдіреді;

**AIX CSD тарифтер Кестесі** – АIX CSD веб-сайтында жарияланған немесе Клиентке жіберілген және мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін АIX CSD тарифтерінің кестесін білдіреді;

**AIX CSD процедуралары** – АIX CSD шығарған және мән-жайға байланысты АIX CSD және/немесе кез келген басқа Тараптың жұмысына қатысты спецификацияны және/немесе нұсқаулықты білдіреді;

**Қосымша** – кастодиандық қызметтерге байланысты соның ішінде қашықтан тексеру (KYC), тіркеу, Клиентті сәйкестендіру, клиентпен байланыс, клиенттер туралы есеп беру және корпоративтік қызметтерге жәрдемдесуді қоса алғанда Клиент пен АIX CSD арасында ақпарат алмасуды жеңілдету мақсатында «Tabus» сауда белгісімен АIX әзірлеген және айрықша емес негізде АIX CSD лицензияланған мобильді қосымшаны білдіреді. Қосымшаны Клиенттің жеке құрылғыларына жүктеуге болады және Қосымшаның құжаттамасына сәйкес пайдалануға болады;

**Қосымшаның құжаттамасы** – Қызмет көрсету шарттарын, Құпиялылық саясатын, Инвесторлық келісімді білдіреді, оларға Қосымшаны пайдалану ережелері мен шарттарын белгілейтін мезгіл-мезгіл түзетулер енгізілуі мүмкін;

**Жұмыс күні** – Астана уақыты бойынша 9.00 – 18.00 аралығындағы (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерінен басқа) кез келген күнді білдіреді;

**Корпоративтік әрекет** – Бағалы қағаздарды ұстаушыларға тікелей әсер ететін дивидендтер немесе купондар төлеу, өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін негізгі қарызды төлеу немесе Клиентке Эмитенттен төленетін басқа төлемдер, дауыс беру құқығын жүзеге асыру, Бағалы қағаздарды бөлу, корпоративтік

қайта құру және Эмитент жүзеге асыратын басқа да іс-әрекеттерді қоса алғанда Эмитенттің Бағалы қағаздарға қатысты жасаған корпоративтік әрекеттерін білдіреді олар;

**Құпия ақпарат** – осы Шартқа байланысты бір Тарап екінші Тарапқа ашқан барлық құпия ақпаратты (қалай жазылғанына немесе сақталғанына қарамастан) білдіреді, оның ішінде (a) іскер тұлға құпия деп санайтын : (i) бизнеске, жұмыстарға, тұтынушыларға, Клиенттерге, тапсырыс берушілерге, жоспарларға, ниеттерге немесе нарықтық мүмкіндіктер тиесілі Тарапқа (немесе AIX CSD оларға тиесілі болып табылатын компаниялар тобының кез келген мүшесінің қатысты; және (ii) операциялар, процестер, өнім туралы ақпарат, ноу-хау, конструкциялар, коммерциялық құпиялар немесе AIX CSD бағдарламалық жасақтамасы (немесе AIX CSD тобының кез келген мүшесі); және (b) осы Шартты орындау барысында AIX CSD алған кез келген ақпарат;

**Клиенттің Ақшалай қаражаты** – АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының 8.2.1 тармағында көрсетілген мәнге ие;

**Депозитарий** – AIX CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес AIX CSD басқаратын депозитарийді білдіреді;

**Кастодиандық қызметтер** – Бағалы қағаздарға қатысу үлестерін электрондық тіркеу, Бағалы қағаздарға электрондық меншік құқығын беру, шоттарды ашу және жүргізу, Бағалы қағаздардың осындай Шоттарға есепке жатқызу және шығару және / немесе Бағалы қағаздарды иелену нәтижесінде немесе оларға байланысты туындайтын Клиенттердің ақшалай қаражатын, сондай-ақ корпоративтік іс-қимылдарға жәрдемдесу қызметтерін қоса алғанда, Қосымшаның құжаттама шарттарына сәйкес Қосымша арқылы Клиентке Депозитарийдегі Бағалы қағаздарға қатысты AIX CSD ұсынатын қызметтерді білдіреді;

**Алымдар** – AIX CSD тарифтер Кестесіне сәйкес Клиент төлеуге міндеттеін алымдарды білдіреді;

**Топ** – АХҚО Глоссарийінде анықталған мәнді білдіреді;

**Эмитент** – кез келген Бағалы қағазға қатысты ол шығарылған немесе шығарылуы тиіс заңды тұлғаны, оның ішінде ұсыныс материалдарына сәйкес Эмитент атынан әрекет ететін агентті білдіреді;

**Зияткерлік меншік** – AIX CSD және / немесе оның еншілес тұлғаларына тиесілі кез келген зияткерлік меншік құқығын білдіреді;

**Өкілдер** – Тарап тиісті түрде уәкілеттік берген оның қызметкерлерін, лауазымды тұлғаларын, өкілдерін және/немесе кеңесшілерін білдіреді;

**Жеке клиент** – АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының 2.2.1 тармағында көрсетілген мәнді білдіреді;

**Санкциялар** – барлық қолданылатын экономикалық немесе қаржылық санкцияларды, сауда эмбаргосын немесе шектеу шараларын білдіреді, соның ішінде кез келген санкциялар туралы заңдарды, нормативтік актілерді, орындауға қолданылатын немесе күшіне енген, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің, Еуропалық Одақтың, Біріккен Корольдіктің реттеуші өкілеттіктері бар үкіметтік органдардың (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, НМ қазынашылығы), Америка Құрама Штаттары (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Америка Құрама Штаттарының шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) арқылы), Қазақстан Республикасы немесе басқа юрисдикциялардағы шектеу шараларын қабылдайтын кез келген басқа ұқсас орган әрбір нақты жағдайда осы шара қолданылатын шамада шектеу шараларын қабылдау;

**Санкциялық оқиға** – Клиентке санкцияның салынуы мән-жайын білдіреді;

**Бағалы қағаздар** – АХҚО заңнамасына сәйкес материалсыздандырылған нысанда шығарылған, Рұқсат етілген өнімдер ретінде сараланатын акцияны, борыштық міндеттемені, варрантты, сертификатты, құрылымдық өнімді, бірлікті білдіреді;

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

2.1. Қолданылудың басталуы. Осы Шарт Қосымша арқылы Клиент үшін Депозитарийде Шотты тіркеу және ашу арқылы жүзеге асырылған Шарттың ережелерін болжамды немесе тікелей қабылдағаннан және оған қосылғаннан кейін күшіне енеді.

2.2. Шарттың қолданылу мерзімі. Осы Шарт осы Шарттың 11 тармағына сәйкес тоқтатылғанға дейін әрекет етеді.

## 3. КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

3.1. AIX CSD Клиентке осы Шарттың талаптарына сәйкес Кастодиандық қызмет көрсетеді.

3.2. Шотты пайдалану. Шот кастодиандық қызметтердің мақсаттары үшін немесе соған байланысты Шотқа есептелген Клиенттің барлық Бағалы қағаздары мен Ақшалай қаражаттарын алуға, сақтауға және қызмет көрсетуге арналған сауда жүргізілмейтін шот. Шотқа есептелген Клиенттің Ақшалай қаражаты (не Клиенттің өзі, не Эмитенттің нұсқауы бойынша жасалған корпоративтік іс-әрекеттер нәтижесінде келіп түскен) тек Бағалы қағаздарға жазылу үшін пайдаланылуы тиіс немесе тек Клиентпен ғана шешіліп алынуы тиіс. Клиенттің Ақшалай қаражатын шешу тек Клиенттің атына

ашылған шотқа жүзеге асырылуы мүмкін.

Шот банктік салым үшін шот ретінде немесе АХҚО және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген қандай да бір жинақ шоты ретінде қаралмауы тиіс, сондықтан Шотта сақталатын ақшалай қаражатқа кепілдік берілмейді және сақтандырылмайды, және бұл ақшаға пайыздық мөлшерлеме есептелмейді.

- 3.3. AIX CSD Клиентке Клиенттің Шотына Бағалы қағаздар есептелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей растауды ұсынады.
- 3.4. Төлемдерді өңдеу үшін алымдар. Клиент дивидендтер алуға және дивидендтерді Шоттан Клиенттің картасына және/немесе Клиенттің банктік шотына/картасына аударуға байланысты барлық комиссияларды, алымдарды, салықтарды, банк ұсынатын төлемдерді өңдеу қызметтері үшін алымдарды, эквайринг қызметтерін, қаржылық және агенттік қызметтерге байланысты алымдарды төлейді және/немесе AIX CSD осындай қаражатты Клиенттің банктік шотынан/картасынан тиесілі сомаларды дебеттей алады; және Клиенттің алдын ала келісімі осы Шартқа сәйкес берілген болып есептеледі. Клиент валюталық операцияларға қолданылатын нормативтік және банктік шектеулерге байланысты төлемдер төлемдерді өңдейтін банк(тер) белгілеген айырбас бағамдары бойынша валютаны(ларды) айырбастауға жататынын және нәтижесінде тиесілі соманың өзгеруіне әкелетінін түсінеді.

#### **4. КЛИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ**

##### **4.1. Клиент:**

- 4.1.1. AIX CSD талап ететін барлық ақпаратты, деректерді, құжаттаманы AIX CSD осы құжаттарды, соның ішінде берілген ақпаратқа, деректерге немесе құжаттамаға кез келген өзгерістерді сұраған күннен бастап дереу қамтамасыз етуге;
  - 4.1.2. AIX CSD ұсынатын барлық ақпараттың, деректердің және құжаттаманың шынайы, дәл, толық және жаңылыстырылмауын қамтамасыз етуге;
  - 4.1.3. осы Шартқа, AIX CSD Бизнес ережелеріне және AIX CSD процедураларына байланысты AIX CSD орынды түрде сұраған кез келген басқа ақпарат пен көмекті жедел қамтамасыз етуге міндетті.
- 4.2. Клиент AIX CSD Бизнес-ережелеріне және AIX CSD процедураларына сәйкес AIX CSD талап ететін барлық ақпаратты қамтитын Қосымша арқылы AIX CSD нұсқаулығын жіберу арқылы AIX CSD мүшесі болып табылатын AIX Сауда мүшесінде ашылған брокерлік шотына бағалы қағаздарды өз шотынан аударуды сұрай алады.

#### **5. ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР**

- 5.1. Осы Шартқа сәйкес Клиент AIX CSD-ге AIX CSD тарифтер Кестесінде көрсетілген барлық комиссиялардың, алымдардың және басқа алымдардың жиынтығын төлеуге міндетті немесе AIX CSD Клиенттің Шотынан/банктік картасынан осындай сомаларды есептен шығара алады; және бұған Клиенттің алдын-ала келісімі осы Шартқа сәйкес берілген болып саналады.
- 5.2. Осы Шарттың 5.1 тармағына сәйкес төлем жасай алмау Шарттың бұзылуын білдіреді және AIX CSD-нің барлық басқа құқықтары мен құқықтық қорғау құралдары (шарттық құралдарды да, сонымен қатар туындауы мүмкін құралдарды да) өзінде сақталады. AIX CSD осы Шарттың 5.1 тармағына сәйкес Клиенттің төлем жасай алмау нәтижесінде және өзінің құқықтарын мен құқықтық қорғау құралдарын жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын (күтілетін пайданы немесе деректерді жоғалтуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) кез келген тікелей немесе жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін ешбір жағдайда жауапты болмайды.
- 5.3. Егер Клиент 5.1 тармаққа сәйкес төлемдерді жүзеге асырмаған жағдайда, AIX CSD Клиенттің Депозитарийдегі Шотында сақтаулы Бағалы қағаздарын AIX CSD тиесілі барлық комиссиялардың, алымдардың және басқа да алымдардың төленуін қамтамасыз ету үшін кепіл ретінде бұғаттай алады. Клиент кепіл нысанасы болып табылатын Бағалы қағаздармен қандай да бір операцияларды жүзеге асыра алмайды, сондай-ақ 5.1 тармаққа сәйкес өз міндеттемелерін орындамаған кезеңде Депозитарийдегі Шоттан қандай да бір қаражат алуды жүзеге асыра алмайды.
- 5.4. Тараптар AIX CSD мен үшінші тарап арасындағы келісім негізінде үшінші тараптан осы Шартқа сәйкес Клиент жүргізетін төлемдерді қабылдайтынына келіседі.

#### **6. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ**

- 6.1.6.2 тармаққа сәйкес, Клиент AIX CSD кез келген құжаттың дұрыстығын және түпнұсқалығын немесе оған ұсынылған кез келген құжаттың орындалуын тексеруге міндетті емес екендігімен келіседі және AIX CSD кез келген түрдегі жалған немесе шындыққа сәйкес келмейтін кез келген құжаттарды жарамды деп тану себебінен Клиент алдында жауап бермейді.
- 6.2. Егер негізді түрде жарамсыз болып көрінсе немесе нақты істің мән-жайы AIX CSD-де қолтаңбаның немесе мөрдің ықтимал жарамдылығына күмән келтіруге негіз болатын болса, AIX CSD құжаттың жарамдылығын тексеру үшін орынды шараларды қабылдауы, оның ішінде құжаттардың негізділігінде күдік туындаған жағдайда Кастодиандық қызметтерін көрсетуден бас тартуы тиіс. AIX CSD Клиент алдында немқұрайлылық үшін немесе басқаша жағдайда, егер мұндай орынды қадамдарға қарамастан, құжат қабылданып, кейіннен жарамсыз деп танылса, жауапты емес.

## 7. ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ

- 7.1. Клиент AIX CSD-ге Бағалы қағаздарды Депозитарийде сақтауға қатысты жазбалар мен құжаттарды, сондай-ақ заңда белгіленген сақтау мерзімдеріне сәйкес дербес деректерді сақтауға және жоюға өкілеттік береді.
- 7.2. Клиент көшірмелер электронды түрде қолжетімді болса, құжаттар AIX CSD-де сақталған деп есептелетінін растайды және келіседі. Құжаттың электрондық көшірмесі болған жағдайда, AIX CSD құжаттарды қағаз түрінде сақтауға міндетті емес.
- 7.3. Егер заңмен өзгеше талап етілмесе, AIX CSD жазбаларды оларға тиесілі күннен бастап кемінде 7 (жеті) жыл сақтайды.

## 8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

- 8.1. Тараптардың әрқайсысы барлық Құпия ақпаратты қатаң түрде құпия сақтайды және: (а) осы Шарт бойынша немесе оған байланысты өз міндеттемелерін орындау немесе орындау мақсаттарын қоспағанда («Рұқсат етілген мақсат») мұндай Құпия ақпаратты пайдаланбауы керек; немесе (b) осы 8 тармақпен тікелей рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, мұндай Құпия ақпаратты толық немесе ішінара кез келген үшінші тарапқа ашпауы тиіс. Тарап Құпия ақпаратты (1) рұқсат етілген мақсатта осындай Құпия ақпаратты білуі қажет өз Өкілдеріне; (а) мұндай Өкілдерді жария етпес бұрын Құпия ақпараттың құпиялылығы туралы хабардар еткенде; және (b) ол өзінің Өкілдерінің өздеріне ашылған кез келген Құпия ақпаратқа қатысты осы Шарттың тарабы ретінде осы 8 тармақта көрсетілген міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді және ол әрқашан кез келген Өкілдердің осы 8 тармақта белгіленген міндеттемелерді орындамауы; немесе (2) мұндай Құпия ақпаратты заңмен, кез келген үкіметтік немесе басқа реттеуші органмен немесе сот немесе құзыретті юрисдикцияның басқа органы жария етуге заңмен рұқсат етілген жағдайда аша алады.

## 9. КЛИЕНТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 9.1. AIX CSD Бағалы қағаздарға инвестициялаудың орындылығына, сондай-ақ кез келген бағалы қағаздарға немесе жалпы инвестицияларға қатысты ешқандай мәлімдеме (жазбаша немесе ауызша) жасамайды және ешқандай кепілдік бермейді.
- 9.2. AIX CSD Клиентті хабардар етуге немесе сатып алуларға, басқа ұсыныстарға, капиталды қайта ұйымдастыруға немесе корпоративтік іс-шараларға, осы корпоративтік әрекеттерді жүзеге асыруға немесе Шотта тіркелген Бағалы қағаздарға қатысты дискрециялық әрекеттерді талап ететін кез келген басқа қадамдарға байланысты кез келген мәлімдемелерге жауапты емес.
- 9.3. Осы Шарт бойынша AIX CSD-нің міндеттері қатаң министрлік сипатта болады және осы Шартта тікелей көрсетілген міндеттермен шектеледі. Осы Шарт бойынша AIX CSD-ге ешқандай сенімгерлік міндеттемелер жүктелмейді.
- 9.4. Клиент осы Шарттың 3.2 тармағында көрсетілгендей, Шотты тек Кастодиандық қызметтер үшін пайдаланатынын мәлімдейді және оған кепілдік береді.

## 10. ЗАЛАДЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 10.1. Клиент AIX CSD, оның аффилиирленген тұлғаларын және оның және олардың тиісті директорларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерінен агенттерін кез келген және барлық шығындардан, міндеттемелерден, сот шешімдерінен, талап-арыздардан, әрекеттерден, нәтижесінде немесе соған байланысты туындайтын сот процестерінен, талаптардан,

- өсімпұлдардан, залалдардан немесе шығындардан (оның ішінде ақылға қонымды заңгерлік төлемдер) келесі жағдайларға байланысты қорғайды және өтейді: (i) AIX CSD-нің аффилиирленген тұлғаларының сондай-ақ оның және олардың тиісті директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметшілері мен агенттерінің клиенттің сұрау салуы, нұсқауы немесе нұсқауы бойынша немесе осы Шарт бойынша оның міндеттемелерін орындау (немесе болмауы) нәтижесінде жасаған кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі; (ii) Клиенттің осы Шартты немесе АХҚО-ның кез келген қолданыстағы заңдарын бұзуы; және (iii) Клиент осы Шартқа сәйкес Клиентке көрсетілетін қызметтерге қатысты әрекет ететін немесе әрекет етуге ниетті кез келген үшінші тарап AIX CSD ұсынған кез келген шағымдар; және (iv) Депозитарийге қосылудың мүмкінсіздігі немесе кез келген басқа жүйенің қандай себеп болса да істен шығуы, Депозитарийге кіруді реттейтін Клиенттің жүйелері мен бақылауындағы ақаулық немесе Шотты рұқсатсыз пайдалануды қоса; және (v) осы Шарттың 16-тармағында (Форс-мажор) анықталған кез келген басқа оқиғаларға байланысты шығындарды өтейді.
- 10.2. Осы Шартта ешнәрсе заңмен немесе нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынған дәрежеде Тараптардың қасақана теріс әрекетіне немесе алаяқтығына тікелей қатысты болуы мүмкін кез келген талаптарды жоққа шығармайды немесе шектемейді.

## 11. ШАРТТЫ БҰЗУ

- 11.1. 15.2 тармаққа сәйкес, төменде көрсетілген жағдайларда AIX CSD Кастодиандық қызметтерді ұсынуды тоқтата алады, Шотты бұғаттай алады немесе жазбаша түрде дереу күшіне енетін хабарлама арқылы осы Шартты бұза алады:
- 11.1.1. Клиент қандай да бір өзгерістер болған жағдайда ақпарат пен құжаттарды уақтылы жаңартпаса;
  - 11.1.2. Клиент ескертуден кейін қандай да бір елеулі бұзушылық, ескерту алғаннан кейін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін, АХҚО-ның кез келген қолданыстағы заңнамасының, Қосымшасының құжаттамасын немесе кез келген талаптарын бұзуы, және оны қайталаса немесе жалғастыра берсе;
  - 11.1.3. Клиент AIX CSD бизнесіне немесе беделіне нұқсан келтіретін немесе келтіруі мүмкін кез келген әрекетке немесе әрекетсіздікке, абайсыздыққа кінәлі болса;
  - 11.1.4. Санкциялық оқиға орын алса және жалғасуы тоқтатылмаса және/немесе AIX CSD келесі жағдайларда кастодиандық қызметтер (i) Санкцияларға байланысты тәуекелдерге байланысты AIX Тобының бизнесіне елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін немесе (ii) AIX CSD-ге немесе оның еншілес тұлғаларына немесе олардың директорларына, лауазымды тұлғаларына, агенттеріне немесе қызметкерлеріне қатысты Санкциялардың салынуына әкелуі мүмкін немесе (iii) AIX Тобының мүдделі тараптарының, тұтынушыларының немесе контрагенттерінің қолданыстағы Санкцияларды бұзуына себеп болады деп сенсе.
- 11.2. Осы Шарттың 11.1 тармағына сәйкес тоқтатылуы осы Шарттың 15.1 тармағында көрсетілген тәсілмен бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап күшіне енеді.
- 11.3. AIX CSD кемінде 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып, басқа себептерге байланысты осы Шартты бұза алады.
- 11.4. Егер Клиенттің Шотында 6 (алты) айдан астам Бағалы қағаздар болмаса, AIX CSD Шотты біржақты жаба алады.
- 11.5. Клиент осы Шарттың 11.2 тармағына қарамастан, 12 тармақты және AIX CSD-нің барлық басқа да орынды талаптарын сақтаған жағдайда, осы Шартты Қосымша арқылы Шотты жабу арқылы бұза алады.
- 11.6. Осы Шарттың Құпиялылыққа (8 тармақ) және Өтемақы мен жауапкершілікке (10 тармақ) қатысты ережелері осы Шарт тоқтатылғаннан кейін де күшінде болады.

## 12. ШАРТТЫ БҰЗУДЫҢ САЛДАРЫ

- 12.1 Шартты бұзу кезінде:
- 12.1.1. әрбір Тарап тоқтату күшіне енген күні басталған кез келген транзакцияны аяқтауға міндеттенеді;
  - 12.1.2. Тараптардың әрқайсысы осы Шартта көзделген шаралардан кезең-кезеңімен бас тартудың Клиент, бизнес немесе Тараптардың беделі үшін тиімді және теріс салдарсыз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды қадамдар жасауға келіседі;
  - 12.1.3. егер Клиент қандай да бір AIX CSD-гетөленуі тиіс алымдары болса, Клиент мұндай соманы осы Шарттың ережелеріне және AIX CSD тарифтер Кестесіне сәйкес төлеуге міндетті.

## 13. ШАРТТЫҢ АЙРЫҚША ЕМЕС СИПАТЫ

13.1. AIX CSD кез келген басқа тарап үшін ол орынды деп санайтын шарттарда кастодиан ретінде әрекет ете алады және осындай міндеттерді орындау кезінде өзіне белгілі болуы мүмкін немесе оған айналуы мүмкін Қызметтерді көрсетуден басқа кез келген жағдайда білуі мүмкін кез келген мәселелерді Клиентке ашуы талап етілмейді.

#### **14. АГЕНТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ**

14.1. Кастодинадық қызметтерін ұсыну кезінде AIX CSD орынды деп санауы мүмкін (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, корпоративтік тексеру, деректерді тарату, сақтау, енгізу және компьютерлерде өңдеу) белгілі бір мамандандырылған мәселелерді шешу үшін агенттерді жалдауға құқылы.

#### **15. ХАБАРЛАМАЛАР МЕН ШАҒЫМДАР**

15.1. Осы Шартқа сәйкес әрбір хабарлама немесе басқа хабарлама Қосымша көмегімен push-хабарламалар арқылы жіберілуі тиіс.

15.2. AIX CSD барлық Клиенттер үшін AIX веб-сайтында кез-келген хабарламаны орналастыруға құқылы, ол тиісті хабарлама ретінде қарастырылуы керек.

15.3. AIX CSD веб-сайтында орналастырылған хабарлама Қосымша арқылы push-хабарламаларды алған, жарияланған кезде адресат тиісте түрде алған болып есептеледі.

15.4. Шартқа қол қою арқылы Клиент AIX CSD Қосымшасы арқылы push-хабарламаларды алуға келіседі. Клиент құрылғы параметрлері арқылы push-хабарламаларды алудан бас тартуы мүмкін, алайда мұндай push-хабарламаларды алмай Кастодиандық қызметтерді пайдалануға әсер етуі мүмкін.

15.5. AIX CSD Клиенттің кез келген шағымдарын AIX CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес қарастырады.

#### **16. ФОРС-МАЖОР**

16.1. Форс-мажорлық жағдайларда атап айтқанда, өрт, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар және мемлекеттік органдардың міндетті болып табылатын нормативтік нұсқаулары орындамау салдарына байланысты оқиғалар туындаса және мұндай жағдайлар Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

16.2. Зардап шеккен Тарап осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Хабарлама ұсынбау немесе уақтылы хабарламау, мұндай ұсынбау/уақтылы хабарламау еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаған жағдайларды қоспағанда, Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде жоғарыда аталған мән-жайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

#### **17. ТАРАПТАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ, КЕПІЛДІКТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

17.1. Клиент:

17.1.1. ол ұсынған ақпарат, құжаттар шынайы, толық, дұрыс және жаңылыстырмайтын және ақпараттың, деректердің, құжаттаманың, соның ішінде, банктік деректемелерде, заңды мекенжайда немесе маңызды ақпараттағы өзгерістер туралы толтырылған хабарлама нысанын қоса алғанда, тиісті растаушы құжаттарды ұсына отырып, нақты пошталық мекенжайы және/немесе Клиенттің сәйкестендіру деректеріндегі басқа өзгерістерді Клиент шынайы, толық және нақты ақпаратты ұсынбауы осы Шартты бұзу болып табылатынын түсінетіндігін;

17.1.2. ол өзіне қолданылатын кез келген заңнаманы және АХҚО Заңын, AIX CSD Бизнес-ережелерін, AIX CSD процедураларын, олар әрекетте болатын немесе болуы мүмкін және мезгіл-мезгіл өзгертілуі мүмкін екенін түсінеді және орындауға және оларға міндетті болуға келіседі. Клиент қолданыстағы АХҚО Заңына және AIX CSD Бизнес-ережелеріне, AIX CSD процедураларына сәйкестігін тоқтатуға әкелетін кез келген оқиға туралы AIX CSD-ге жазбаша түрде дереу хабардар ететіндігін;

17.1.3. оның осы Шартты жасасуға, жеткізуге және орындауға құқықтық қабілетілікүші мен өкілеттіктері бар екендігін;

17.1.4. ол осы Шартпен танысқандығын, түсінетіндігін, қабылдайтындығын және оның барлық шарттары мен талаптарын орындауға келіседі және кепілдік береді.

17.2. AIX CSD төмендегілерді ұсынады, кепілдік береді және міндеттейді:

- 17.2.1. ол АХҚО заңдарын және АIX CSD Бизнес-ережелерін, АIX CSD процедураларын, күшінде болатын немесе болуы мүмкін және мезгіл-мезгіл өзгертілуі мүмкін екенін түсінеді және оларға сәйкес болуға және оларға міндетті болуға келіседі;
- 17.2.2. ол Клиент үшін бөлек Шотты жүргізеді және АХҚО заңдарына сәйкес және талаптарына сәйкес өз активтері мен Клиенттің Бағалы қағаздары арасындағы сегрегацияны қамтамасыз етеді;
- 17.2.3. АIX CSD өз күшімен әрекет ететін Клиентке тек осы Шартта қарастырылған кастодиандық қызметтерді ұсынады.

## **18. ҚАРАМАҚАЙШЫЛЫҚ**

- 18.1. АIX CSD Бизнес-ережелері, АIX CSD процедуралары және осы Шарт арасында кез келген сәйкессіздік болған жағдайда АIX CSD Бизнес-ережелері мен АIX CSD процедуралары Шарттан басым күшке ие болады. Осы Шарттың мәтіні басқа тілдерге аударылған жағдайда, Шарттың ағылшын тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

## **19. ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ**

- 19.1. Клиент осы Шарт бойынша өзінің қандай да бір құқықтарын және/немесе міндеттемелерін басқа тұлғаға бере алмайды.

## **20. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БОЛМАУЫ**

- 20.1. Осы Шартта немесе Тараптар арасындағы қатынастарда ешнәрсе Тараптар арасындағы қандай да бір әріптестік қатынастарды туғызбайды, құрамайды және олар туралы куәлік етпейді.

## **21. ТҮЗЕТУЛЕР**

- 21.1. АIX CSD осы Шарттың кез келген шарттарын aix.kz сайтында орналастыру немесе Клиентке осындай түзетулер туралы Хабарлама жіберу арқылы біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Осы Шарттың ағымдағы нұсқасы Қосымша арқылы ұсынылатын болады және осындай өзгерістер енгізілгеннен кейін Клиенттің Шотпенқолдануын жалғастыруы Клиенттің олармен іс жүзінде танысқанына/таныспағанына қарамастан, Шартқа барлық өзгерістердің міндетті екендігіне Клиенттің келісімін білдіреді. Егер Клиент Шарттағы өзгерістермен келіспесе, Клиент осы Шарттың 11.4 тармағына сәйкес Шартты бұзуға міндетті.

## **22. ЕСЕПТЕР**

- 22.1. Клиент Шот балансын және Шот бойынша қозғалыс туралы үзінді көшірмені Қосымша арқылы сұрау сала алады.

## **23. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

- 23.1. АIX CSD-ге белгілі болған шамада, АIX CSD мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін фактілер немесе жағдайлар жоқ екенін хабарлайды. Егер осы Шартқа қол қойғаннан кейін АIX CSD мүдделер қақтығысын анықтаса немесе хабардар болса, АIX CSD мұндай қақтығыстар туралы Клиентке жазбаша түрде дереу және толық хабар береді.

## **24. РЕТТЕУШІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

- 24.1. Осы Шарт АХҚО заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 24.2. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында қандай да бір дау туындаса, АIX CSD мен Клиент 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде сот процесіне жүгінбей дауларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс. Егер Клиент пен АIX CSD дау бойынша келісімге келмесе, осы Шарт бойынша немесе оған байланысты кез келген дау, оның бар болуына, жарамдылығына немесе тоқтатылуына қатысты кез келген мәселені қоса алғанда, алдымен оның Төрелік ережелеріне сәйкес АХҚО Халықаралық Төрелік Орталыққа («ІАС») қарауға берілуі мүмкін. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының ережелеріне және Регламентіне сәйкес АХҚО Сотының қарауына беріледі және түпкілікті шешіледі.